

АРХИВ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ

Архив – бұл өткен, қазіргі және болашақтың байланысы. Архивтің арқасында уақыт байланысы, мәдениет пен қоғамдық өмірдің даму тарихы сақталады.

Архивтерде мәңгілікке сақталатын тарихи деректер АРХИВ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҢЫЗЫ – мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайы, саяси-идеологиялық қатынастары туралы құжаттар ұлттық байлықтың бір бөлігі ретінде қорғалады. Қазақстанның мемлекеттік архивтерінде ел тарихының елеулі кезеңдеріне, тарих пен мәдениеттің деректі ескерткіштеріне, сондай-ақ белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметіне қатысты жәдігерлер жинақталып отыр.

Қазақ жерінде алғашқы архив 1794 жылы батыс өңіріндегі Ішкі Ордада жұмыс істей бастаған. 1876 жылы Бөкей ханның тапсырмасымен архив үйінің арнайы ғимараты салынды. Оған дейін құжаттарды сақтау ісіне мән берілмей келген. Бүгінде архив ісі қалыптасып, тарихты танудың жаңа кезеңіне аяқ бастық.

Архив – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын арнаулы мекеме. Мекемелердің ескі құжаттарын сақтайтын бөлімі немесе жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған жәдігерлер жиынтығы да архив делінеді.

Архивтің негізгі функциясы – құжаттарды сақтау. Бірақ, әр түрлі құжаттардың сақтау мерзімі әртүрлі. Мысалы, тарих үшін құнды болып табылатындар мәңгі сақталады. Әдетте, архивтер тұрақты немесе ұзақ мерзімді сақтау үшін олардың мәдени, тарихи және дәлелді құндылығы негізінде таңдалған жазбалардан тұрады.

Архив қызметінің басты бағыттары: қор жинақтау, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, қор құрамын зерттеп, жүйелеу, ғылыми анықтамалар мен көрсеткіштер жасау; құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және жария ету.

Қазіргі архивтерде дәстүрлі қағазқұжаттардың түпнұсқаларымен және көшірмелерімен қатар фото-киноматериалдар, дыбыстық және бейнежазбалар, ақпараттың барлық жәдігерлер түрлері сақталады.

Архивтердің материалдық-техникалық базасы жылдан-жылға нығаюда: принтер, сканерлер, жиһаз, қоймада ылғалдылық пен температураны өлшейтін құралдармен жабдықталған. Құжаттар әлеуметтік-құқықтық сипаттағы азаматтардың өтінішін қанағаттандыру үшін кеңінен пайдаланылады. Сақтаудағы құжаттардан адамдарға еңбек өтілі, еңбек ақысы жөнінде, сонымен қатар оқуға, тұрған жеріне, нотариалдық әрекеттерге қатысты анықтамалар, архив құжаттарының көшірмелері мен үзінділері беріледі. Бастысы қандай да бір ұйымның құжаттары қай архивте сақталатынын білу.

Тіпті архивке келмей-ақ сұрауды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімі (ХҚКО), электрондық үкіметтің веб-порталы (ЭҮП) www.e.gov.kz, пошта арқылы жолдап, архивтік анықтама алуда.

Архивтерде тарихи – деректемелік мұра болашақ ұрпақ үшін сақталады. Архив мекемелерінде революцияға дейінгі, кеңестік және тіпті қазіргі заманның құжаттары сақталады. Сонымен қатар, жеке тектік қорлар бар, оларда аймақтар мен елдің атақты қайраткерлерінің құжаттары сақталған.

Архив құжаттары шежіре құрасыруда үнемі көмекші болып табылады. Олардан сіз кез-келген кезеңге арналған шежірені құрастыруға арналған ақпаратты таба аласыз.

Архив құжаттардағы ақпараттарды табуға ғана емес, оларды сақтауда да көмектеседі. Барлық өткізілген құжаттар құндылығын тексеруден өтеді. Мысалы, Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі құжаттар – фотосуреттер, хаттар, марапаттау құжаттары, оқиғаларға қатысушылардың естеліктері құнды болуы мүмкін.

Архивтік ақпаратқа қол жеткізу арқылы тарихшылар, өлкетанушылар өткеннің фактілерін жарыққа шығаруға және жас ұрпақтың елдер мен бүкіл адамзаттың тарихы мен дәстүрлеріне деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік алады.

Тарих үшін еліміздің құжаттық байлығын сақтау – мемлекеттік және мемлекеттік емес архивтердің, қоғамдық ұйымдардың, Қазақстан азаматтарының маңызды міндеті және Қазақстанның барлық деңгейдегі архив қызметінің міндеті.

Қорғалжын ауданының мемлекеттік архиві